

**Талғатқызы Гулнараның «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Тіркесімділік
категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тіл – үздіксіз даму қозғалысында болатын құбылыс. Тілдің дамуындағы өзгерістер құрылымдық тілтанымдағы заңдылықтар мен қағидаларға да елеулі септігін тигізеді. Байқағанымыздай, тіпті сөйлем мен сөйлем құрамындағы тіркестердің өзі заман, қоғам ағымының қолданысына қарай өзгеріп отырады. Мәселен, *журналист – жорналишы – жаңалық жаршысы – төртінші билік – медиаменеджер* т.б. атаулармен жаңарып, атау өрісін кеңейтіп келеді. Сол сияқты *резиденция – ақ орда – үкімет үйі – ақ үй*. Сол сияқты *мешіт – құлшылық орны – Алланың үйі – дін ордасы*. Сол сияқты *рак – оба – жаман ауру – қатерлі ісік – ғасыр дерті*. Сол сияқты *депутат – халық қалаулысы – елдің елеулісі – мандат иесі – мәжілісмен*. Сондай-ақ *бензин – жанар-жағар май – сұйық отын; газ – көгілдір отын; көлік – темір тұлпар; түрме – темір тор; оятар (будильник) – қоңырау сағат, дабыл сағат* т.б. қолданыстарында екінші атау ретінде тіркесті атаулар, күрделі атаулар басым екенін аңғарамыз. Бұл бейнелі перифразалар ғана емес, номинативті атау ретінде кең қолданысқа түсіп келе жатқан ұғымдар. Демек, қазіргі қазақ тілінде тіркесті атаулардың көбеюі арнайы зерттеуді талап етеді. Біздің зерттеу нысанымыз сөздердің тіркесімділігі болғандықтан тіліміздегі термин тіркестерден бастап БАҚ тіліндегі перифразалық тіркестерге дейінгі тіркесжасам жүйесіндегі өзгерістерді анықтау басты мүддеміз болды. Мысалы, *шаш қырқу, шаш кесу* тіркестерінің орнына *шаш күзеу* деп айтуға болмайды, себебі күзеу бұл жылқы құйрығын, түйе шудасын немесе сақал-мұртты қиып қырқуда қолданылады. *Қыл күзеу, сақал-мұрт күзеу, түйе шудасын күзеу*, сол сияқты *қой қырқу* делінеді (*қойдың жүнін қысқарту емес, қой кесу емес, қой жүнін кесу емес*). *Кесу// күзеу// қырку* етістіктері өзара мағыналас болғанымен тіркесу үдерісінде өз орнымен семантикалық жағынан талғана тіркеседі. Сондықтан тіркесім қатынасындағы сөз мағыналарының үйлесуін зерттеу, оның семантикалық құрылымын талдау мәселелері өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда тіркесімділік грамматиканың шеңберінде ғана емес, лексикология, семасиология, ономасиология, тіпті фонетика салаларының зерттеу нысанында болатын күрделі тілдік категорияға айналып отыр. Тіпті қазақ тіліндегі тіркестер дыбыстық ұйқасқа құрылатынын да байқауға болады. Мысалы: *темекі тарту (т-т), шылым шегу (ш-ш), емшек ему (е-е)*. *тару//шегу//ему* – бәрі ерінмен, ауызбен сору арқылы жүзеге асатын әрекеттер. Бірақ темекі сору, шылым сору, емшек сору деген тіркесті қолданбаймыз, себебі ол әрекеттердің тұрақты атауы белгіленген. Бәлкім темекі шегу, шылым тарту сияқты бір затқа қатысты тіркестердің орын ауысуы мүмкін. Дегенмен, тіркесімділік жүйесіндегі аллитерациялық, ассонанстық құбылыстардың сақталғаны, тіркес үйлесімін көрсетеді әрі тұрақты етеді. Айтпағымыз – тіркесімділік жүйесінде фонетикалық заңдылықтардың тікелей қатысы бар екенін көрсету. Сөз тіркесімдерінің құрамында сөздер бір-бірімен үйлесіп, белгілі бір құрылымдық-семантикалық модельдер бойынша байланысқа түседі. Осы модельдердің негізінде сөздердің валенттілік қасиеті мен дистрибуциясы, олардың бір-бірімен тіркесу қабілеті айқындалады. Мұндай байланыстар мен қатынастарды жүйелі түрде талдау тіркесімділіктің семантикалық құрылымын тануға мүмкіндік береді. Мысалы, *аяқасты болды, аяқасты жүрді, аяқасты жасады* сияқты қолданыстар тез, бірден, күтпеген жерден, ойламаған жерден болған жағдаятты білдірсе, *«аяқасты етті»* тұрақты тіркесі керек қылмау, елемей, ескерусіз қалдыру мағынасын білдіретінін, демек, бір сөздің тұрақты тіркесуі мен талғап/талғамай тіркесуінен мағына өзгерісі болатынын, ол семасиология саласының нысаны екенін көре аламыз. Бүгінгі күнге дейін тілдегі тіркесу әрекеті грамматикалық құбылыс ретінде қабылданса, енді дыбыстардың да, мағыналардың да тіркесімі болатынын мойындап, терең зерттеу қажеттілігі туындағанын байқаймыз. Сондықтан тіркесімділік – бұл құрылымдық тілдік жүйенің барлық тармағында жүзеге асатын категория. Зерттеудің

өзектілігі де осында. Мәселен, *күн шықты, күн батты* – бұрын тұрақты тіркес болған, тіпті фразеологизмдер қатарында болған, қазір шығу, бату сөздерінің семантикалық өрісінің кеңеюіне орай аталмыш тіркестер күрделі атау (күншығыс, күнбатыс мағынасын білдіретін) сөз әлеуетімен шектелді. Бұрын *бой жазу* – демалу, сергу мағынасын білдіретін фразеологизм болса, қазір *бойжазу* гимнастикалық жаттығудың бір түрін (разминка) білдіретін терминдік атауға айналды. Тіркесімділік категориясының зерттелуі лексикографияда маңызды рөл атқарады. Дұрыс әрі нақты тіркестерді анықтау, сөздер арасындағы мағыналық байланысты айқындау, сөздіктерде дұрыс тіркестерді көрсету – бұл саланың практикалық қажеттілігі. Мәселен, *күн райы, күн ашық* тіркестері аспан денесі, астрономиялық қабаттағы «күн» мағынасына тиесілі тіркестер. Ал *күні қараң, күн көрсетпеді, әрбір күн* тіркестері бір айдағы 30 күн, әрбір таң атып, кеш батқанға дейінгі «күн» мағынасына тиесілі сөзқолданыстар. Демек, тіркесімділіктің семантикалық талдамы әрбір сөздің мағыналық реңкіне қатысты құрылған тіркестер лексикографиялық жүйеде әрбір сөздің өз ұяшығына сай орналасуын бақылауға септігін тигізеді. Тіркестерді жүйелі зерттеу тілдегі омонимия құбылысын формальді тұрғыдан автоматты тану мүмкіндігіне септігін тигізеді. Мысалы, «*басына қара салды*» тіркесі мен «*қара аспанды орнатты*» тіркесіндегі «қара» сөзінің қай мағынада тұрғанын мәтінге автоматты морфологиялық талдау жасайтын талдаушы осы сөздің айналысындағы қоршауды, яғни контексті негізге алады: «қара салу» тіркесінің құрамындағы «қара» сөзін субстантив ретінде таныса, «қара аспан» тіркесінде зат есім алдында тұруын сын есім ретінде анықтайды.

Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі сөздердің тіркесімділігі.

Зерттеу жұмысының пәні – сөз тіркестерінің семантикасы.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі тіркесімділікті категория ретінде дәлелдей отырып, сөз тіркестері арасындағы семантикалық (лексикалық, стилистикалық, комбинаторлық) жүйені анықтау. Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету жолында төмендегі **міндеттерді** шешу көзделеді:

- тіркесімділіктің өзіне тән негізгі өлшемшарттары мен тіркесім заңдылықтарын нақтылау және оны категория ретінде дәлелдеу;

- қазақ тілінің сөз тіркесу үдерісіндегі модельдерді жіктеу (ішкі ұйымдасу – парадигмалық, синтагмалық; семантикалық белгілер арқылы тіркесу денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық, гипо-гиперонимдік, лексика-семантикалық өріс; типтік модельдер – окказионалдық, стилистикалық, когнитивтік);

- тіркесімділік категориясының комбинаторлық жүйесін көпқырлы семантика-синтаксистік құрылым ретінде анықтау арқылы тіркесімділіктің комбинаторлық өрісін таныту (талғаулы тіркестер, талғаусыз тіркестер, есімді тіркестер, етістікті тіркестер, тұрақты тіркестер, күрделі тіркестер, бейнелі тіркестер).

- қазақ тілінің сөз тіркесу үдерісіндегі негізгі сөздің тіркесу қабілеті мен тіркестің семантика-стилистикалық әлеуетін зерттеу (эврисемиялық, мәнмәтіндік (прагматикалық), когнитивті-ассоциативтік әлеует).

- қазақ тіліндегі семантикалық жүйе құрайтын тіркесімділік әлеуеті жоғары сөздердің тіркестер тізбегінің картасын ұсыну.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігі, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, қазақ тілінің тіркесімдер сөздігі, 31 томдық терминдер сөздігі, фразеологиялық сөздік – зерттеудің негізгі дереккөздері болып табылады. Сондай-ақ халық ауыз әдебиеті, белгілі ақын-жазушылар шығармалары, мерзімді басылымдардан материал жиналды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер. Зерттеу барысында эмпирикалық талдау әдісі, семантикалық талдау әдісі категориялау әдісі, мәнмәтіндік (контекстуалдық) талдау әдісі, статистикалық әдіс, корпустық әдіс, аннотациялау тәсілі өрістік талдау тәсілі, семантикалық модельдеу әдісі қолданылды.

Тақырыптың зерттелуінің әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің тіркесімділік пен валенттілікке қатысты еңбектері алынды. Сөз тіркесін зерттеген отандық ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Нұрханов,

Ғ. Мұсабаев, Ө. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, А. Ысқақов, С. Исаев, Н. Оралбаева, А. Әблақов, Қ. Аханов, М. Серғалиев, Р. Сыздық, Т. Сайрамбаев, М. Оразов, Б. Сағындықұлы, Ш. Жалмаханов, А. Салқынбай, Р. Авакова, Г. Смағұлова, А. Тымболова, Н. Құрманова, М. Әлиева, М. Жолшаева, А. Жаңабекова, А. Тұрарова, Д. Қарағойшыева, А. Алтаева еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ күрделі сөз, күрделі атау, атаужасам жүйесіндегі тіркесімділікті зерттеу барысында Қ. Күдерінова, Б. Қасым, Ғ. Хасанов, Г. Сыздықова еңбектеріне сүйендік. Әлемдік зерттеушілерден тек валенттілік ұғымын зерттеген ғалымдардың Г. Хельбиг, Г. Зандау, В. Бондзио, К. Зоммерфельд, Р. Гинзбург, С. Кацнельсон, Н. Филичева, Ю. Степанов, Н. Шанский, И. Кобозова, Л. Новиков, Ю. Апресян, С. Панкратова, Д. Шмелев, А. Вежбицка, Н.И. Горина, М.В.Влавацкая, О. Н. Анищева, В.И.Герус, М.М.Маковский, А.В.Оголовец, А.М.Шишлянникова еңбектеріне, сондай-ақ түркі тілдеріндегі тіркесімділікті зерттеген ғалымдар Ч. Найманова, Б. Абрамов еңбектерін пайдаландық.

Жұмысының теориялық маңыздылығы. Тіркесімділік категориясы тіркестердің лексикалық және грамматикалық деңгейлерінің арасындағы шекараны айқындайды, сөздің тіркесім әлеуетін тануға, лексикографиялық жұмыстарда сөздер мен тіркестердің мағыналық құрылымдарын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Тіркесті сөз, күрделі сөз, тұрақты тіркес, фразеологизм, идиома, перифраза, күрделі метафора, бейнелі тіркес сияқты ұғымдардың аражігін ажыратуға, күрделі құрылыммен жасалған біртұтас атау мен тіркес (тіркесу компоненттерін өзгерте алатын) ұғымын айқындайтын өлшемшарттарды тануға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Тұрақты тіркестер мен күрделі сөздерді аударуда, мәтінді автоматты тануда, омонимдерді ажыратуда, әрбір сөздік тіркесу әлеуетін тануда, оның жиілігін анықтауда, әрбір сөздің тіркесу аннотациясын айқындауда, ақын-жазушы тіліндегі бейнелі тіркестерді анықтауда, сөздің дұрыс мағыналық тіркесімін түсінуде практикалық маңызы зор.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– Тіркесімділік алғаш рет категориялық тұрғыдан қарастырылды. Қазақ тіл білімінде алғаш рет тіркесімділік тек лексика-грамматикалық құбылыс ретінде емес, өзіндік өлшемшарттары мен заңдылықтары бар дербес тілдік категория ретінде негізделіп, оның құрылымдық, семантикалық және когнитивтік қырлары айқындалды. Сөздің мағынасы мен оның тіркесу қабілетінің өзара тәуелділігі дәлелденіп, тіркесімділік – семантикалық мағынаны жүзеге асыратын негізгі тетік екендігі теориялық тұрғыда негізделді.

– Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу жүйесі көпдеңгейлі модель арқылы сипатталды. Сөздердің тіркесу үдерісіндегі модельдер ішкі ұйымдасу деңгейі бойынша (парадигмалық, синтагмалық) және семантикалық белгілер арқылы (денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық, гипоним-гиперонимдік, лексика-семантикалық өрістік) жүйеленіп, тіркесімнің типтік үлгілері (окказионалдық, стилистикалық, когнитивтік) ғылыми тұрғыдан жіктелді.

– Тіркесімділік категориясының комбинаторлық жүйесі анықталды. Тіркесімділіктің комбинаторлық өрісі көпқырлы семантика-синтаксистік құрылым ретінде сипатталып, оның ішкі құрылымындағы талғаулы және талғаусыз тіркестер, есімді және етістікті тіркестер, тұрақты, күрделі және бейнелі тіркестер арасындағы жүйелі байланыстар айқындалды.

– Жаңа әдістемелік ұстаным енгізілді. Тіркесімділікті зерттеуде валенттілік, комбинаторика, дистрибуция және когнитивтік семантика ұстанымдары біріктіріліп, қазақ тілінің тіркесімділік жүйесін талдауға арналған интегративтік модель жасалды. Яғни сөздердің тіркесу қабілеті мен тіркес құрамындағы семантика-стилистикалық әлеует кешенді түрде зерттелді. Қазақ тілінің сөз тіркесу үдерісінде негізгі сөздің тіркесу қабілеті эврисемиялық, мәнмәтіндік (прагматикалық), когнитивті-ассоциативтік тұрғыларда талданып, олардың мәтіндік және стилистикалық қызметі айқындалды.

– Тіркесімділік әлеуеті жоғары сөздердің семантикалық жүйесі аннотациялық модель түрінде көрсетілді. Қазақ тіліндегі тіркесімділігі жоғары лексемалардың семантикалық-

комбинаторлық өрісі мен тіркес тізбегі ұсынылып, тіркесімдік әлеуеттің жүйелі бейнесі жасалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– қазақ тіл білімінде тіркесімділік өзіндік заңдылықтары бар семантикалық және когнитивтік категория. Сөздердің тіркесу қабілеті олардың мағыналық үйлесуі мен тәуелділігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан тіркесімділік – семантикалық мағынаны жүзеге асыратын басты тілдік тетік. Осыған орай тіркесімділіктің семантикалық жүйесі тіркестердің типологиясын құрайды. Сөздердің тіркесу сипатына байланысты тіркесімділік типтері: еркін тіркесімділік, талғаусыз тіркесімділік, топтық тіркесімділік, талғаулы тіркесімділік, тұрақты тіркесімділік, т.б. болып бөлінеді;

– қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу жүйесі көпдеңгейлі комбинаторлық модель арқылы құрылады, оның ішкі ұйымдасу түрлері, семантикалық белгілері және тіркесімнің типтік үлгілері болады. Осыдан комбинаторлық мағына туындайды. Тіркесімділік жүйесіндегі комбинаторлық мағына – сөздердің белгілі бір тіркестер мен контексте бір-бірімен үйлесіп, өзара байланыса отырып қалыптастырған мағынасы. Бұл мағына тіркесімділік категориясының ішінде ерекше орын алады, өйткені сөздер тек өз мағыналарымен ғана емес, бір-бірімен қарым-қатынас жасап, жаңа, контекстуалды мағыналар тудырады.

– сөздің валенттілігі оның басқа сөздермен байланысу мүмкіндігін білдірсе, тіркесімділік сол байланыстардың нақты семантикалық мазмұнын айқындайды. Бұл екі ұғымды біріктіре қарастыру сөздің мағыналық жүйесін, лексика-семантикалық өрісін және сөздердің комбинаторлық әлеуетін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сөз валенттілігі де белгілі бір тіркесу заңдылығына бағынады. Тіркесім заңдылықтары – сөздердің белгілі бір грамматикалық және семантикалық шарттарға сәйкес өзара үйлесуі. Бұл заңдылықтар тіркестердің құрылымын, сөздердің тіркесу тәртібін және олардың мағыналық байланыстарын анықтайды. Тіркесу үдерісіндегі шектеулілік сипаты мен тіркесім шегі семантикалық үйлесім мен коллокациялық тәуелділік бар. Бұл қағида актанттық және сирконстанттық құрылымдар тұрғысынан – тіркесім – мағыналық өріс ішіндегі элементтердің өзара әрекеті негізінде қалыптасатындықтан, тілдік бірліктердің семантикалық жүйесін зерттегенде, олардың тіркес үлгілерін сема үйлесімі мен өрістік қатынастар тұрғысынан қарастыру – сөздің мағыналық әлеуетін анықтауда басты шарт;

– қазақ тіліндегі тіркесімділік әлеуетін кең мағыналы лексемалардың семантикалық-комбинаторлық өрісі мен тіркес тізбегін құрайтын аннотациялық модель түрінде танытуға болады. Осы негізде есім мен етістік сөздердің тіркесу мүмкіндігі, олардың эврисемиялық, прагматикалық және когнитивті-ассоциативтік әлеуетін айқындауға болады. Оның нәтижесі қазақ тіліндегі тіркесжасамның жүйелі бейнесін, яғни қазақ тіліндегі әрбір сөздердің тіркесімділік әлеуетін тануға мүмкіндік береді.

– сөздердің саны мен семантикалық мүмкіндіктеріне байланысты тіркесу ауқымы тар немесе кең болуы мүмкін. Қазақ тілінде тіркесжасамға бейімді сөздер негізінен есімдер мен етістіктер болып келеді. Есімдер (зат есімдер, сын есімдер, (сан есім талғамай тіркеседі), есімдіктер) көбінесе толықтауыш, анықтауыш және басқа мүшелер ретінде тіркес құрайды. Есімді тіркестер – тілдің номинативтік қорын толықтыратын маңызды бірлік. Етістіктер түрлі амалдар мен бағыттарды анықтайтын сөздермен байланысып, әрекет пен қимылды білдіретін сөздер ретінде тіркес жасау үшін жиі қолданылатын сөздер болып табылады.

Жарияланымдар туралы мәлімет. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды.

Скопус базасына кіретін журналдардағы жарияланымдар:

1 Semantic Valence and Cultural Representation of Phraseological Units (Kazakh and English) // Forum linguistic Studies. – 2024. – Vol. 06, Iss. 5. – P. 65-81. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6865>

2 Exploring the Semantic Significance Camel and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus // Forum linguistic Studies. – 2024. – Vol. 06, Iss. 4. – P. 268-276. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>

3 Linguosynergetic Approach to Modeling the Concept of «Snake» // Forum linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, Iss. 3. – P. 580-596. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8530>

4. Effective methods for studying word combinations with regard to semantic parameters // Web of Conferences. – 2023. Vol. 449. – P. 1-12. <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202344907004>

БҒСҚК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланымдар:

1 Semantic markup is one of the components of the national language corpus // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №1 (64). – Б. 9-20. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.001>

2 «Түйе» сөзінің семантикалық тіркесімділігі және ұлттық корпуста автоматтандыру тәсілдері // TILTANYM журналы. – 2023. – № 3 (91). – Б. 200-210. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-200-209>

3 Lexico-semantic compatibility of words in Kazakh // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. № 3 (187). – Б. 18-28.

4 Ways to develop a subcorp of the writer's text: structure and functions of meta-markup // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. № 1 (193). – Б. 13-24.

5 Интернет-ресурстарды кейс-стади әдісімен тиімді пайдалану тәсілдері // Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2022. № 2. – Б. 30-43. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.270>

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады